



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ФАСИЛИТАЦИЯ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ**Аманова Қарлығаш Нұрланқызы***karlygash_27.97@mail.ru*

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.А. Қожахметова

Бүгінде қоғам білім беруде тұтас бірқатар жағдайларға (экономикалық, қаржылық, кадрлық және т.б.) тап болды. Кәсіби салада оқу жағдайларын, формаларын және механизмдерін өзгерту қажеттігі туындады. Осыған байланысты педагогика мен психологияда фасилитация (ағылшын тілінен *to facilitate*-жеңілдету, септігін тигізу, қолайлы жағдай жасау) құбылысы қызығушылық тудырады. Ал педагогика ғылымында фасилитация тұжырымдамасы ХХ ғасырдың 50 жылдарында пайда бола бастады. К. Роджерс және ізгілік бағытындағы басқа психологтардың оқу мен тәрбие саласындағы теориялық және практикалық еңбектерінде тұлғалық іс-әрекет, қарым-қатынас және педагог-фасилитатордың жеке ерекшеліктері зерттелді. К.Роджерс оқушының қызығушылығы мен ынталандыру мүмкіндіктеріне жүгіне отырып, оқыту ортасында жеке тұлғалық қасиеттерді дамытуға талпынды. Бұл тәсілдің орталық гипотезасы адамның өзін-өзі тануына, өзіндік тұжырымдамасы мен мінез құлқындағы өзгерістерге орасан зор ресурстарды таба алуы. Осындай ресурстарға қол жеткізу үшін белгілі бір фасилитациялық-психологиялық атмосфераны құруға ықпал ететін үш шарт орындалады:

- қарым-қатынаста өзін-өзі үйлесімді көрсету, шынайылық, адалдық;
- сөзсіз жағымды (позитивті) қарым-қатынас және басқаларды қабылдау;
- белсенді эмпатикалық тыңдау және түсіну[1].

Гуманистік білім беру мен тәрбиелеу саласындағы теориялық және практикалық әзірлемелерді талдау педагогтың қызметі белгілі бір әдіспен шектелмейтіндігін, ең алдымен тұлғаның ерекше бағыттылығын, құндылықтардың жиынтығын, өмір, адам туралы дүниетанымдық түсініктерді ұсынатынын көрсетті. Ресейлік зерттеушілер (Э.Н.Гусинский, Э.Ф.Сезер, Л.Н.Куликова, А.Б.Орлов, В.Н.Смирнов және т.б.) К.Роджерстің тұжырымдамасына сүйене отырып, мұғалім мен оқушының арасындағы педагогикалық өзара ықпалдастықты анықтаған болатын. Педагогикалық фасилитация үрдісі-білім беру, оқыту мен тәрбилеудің өнімділігін жеңілдету және нығайту, педагогикалық өзара әрекеттесуді қарым-қатынас субъектісі, мұғалім мен оқушының тұлғасы есебінен дамыту. Мұғалім-фасилитатор өзінің қатысуы мен әсер етуі арқылы бастаманың көрінісіне, оқушылардың тәуелсіздікке жетуіне көмектеседі және олардың психикалық даму үдерісіне ықпал етіп, тұлғааралық қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Фасилитация әдісін тиімді өткізу үшін мұғалім үрдісті жақсы білуі және оған сәйкес дағдыларды иегеруі тиіс. Оқудағы фасилитациялық қарым-қатынастың артықшылығы-оқушылардың үйреніп жатқан тілдеріне қызығушылық танытуы мен өзге тілдік ортаға бейімделуі болып табылады [2].

Білім беру үрдісінде фасилитацияның негізгі принциптері көрсетіледі:

- оқу үрдісіне деген жеңіл және позитивті қарым-қатынасты нығайту, білім беру міндеттерін мүмкіндігінше қабылдау, олардың жетістіктеріне көмектесу;
- ынтымақтастық, сұрақтардың ашықтығы;
- оқушылардың жеке пікірлерін мадақтау, болып жатқан оқиғаларға деген қызығушылықты арттыру;
- оқушылардың сыныптағы өзара іс-әрекеті мен қарым-қатынастарының тепе-теңдігі;
- қателіктерге төзімділікпен қарау;
- кез келген жетістікті мойындауға немесешынайы жетістіктерге жол көрсетуге бағытталған кері байланыс;
- топта қорытынды жасауға және шешім қабылдауға көмек беру.

Осылайша, фасилитатордың көзқарасы бойынша шетел тілін меңгеру үрдісі – мұғалім оқушыларды материалмен қамтамасыз ететін және оны меңгеруді жеңілдетін жұмыс. Мұғалімнің міндеті – бұл жұмысты өзара қызықты іс-әрекетке айналдыру. Сөйлеу материалы әр түрлі коммуникативтік үрдістерде пайдаланылуы мүмкін. Мұғалім ауызша түрде енгізеді және оқушылардың хормен қайталануымен жалғасады. Бұл кейін түрлі жағдайларда қолдану мақсатында дәлме-дәл есте сақтауға арналған шағын мәтіндер мен диалогтар, берілген материалды есте сақтауды суреттер, заттар немесе ыммен әрекет жасау сияқты тіректер арқылы жеңілдетеді. Оқу үрдісінде фасилитация әдісінің элементтері бірнеше кезеңдерге бөлінеді:

– Бірінші кезеңде оқушылар берілген материалды тек естиді. Бұл хор болғандықтан оқушылар қайталауға қорықпайды. Хор әр оқушыны мұғалімнің сын айтуынан қорғайды. Мұғалім жаңа әрі түсініксіз сөздерді аударады.

– Екінші кезеңде материалды көріп қабылдаумен жұмыс жасалады. Мұғалім грамматикалық ережелер мен үлгілерді көрсете отырып, оқу материалымен жұмысты бастайды. Қарым-қатынас кезінде ережелерді ескеру сөз бостандығына кедергі келтіреді. Оқушы етістіктің шақтары мен жіктелу кезеңдерін еске түсіргенше қарым-қатынас үзіледі. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін берілген коммуникативтік материал талданады. Осы немесе өзге де құбылыстарды түзету үшін «ақыл-ой анықтамалығы» оқу-әдістемелік құралынан алынған ережелер тізімі емес, жаңа сөздерді сәйкесінше тез және дұрыс тудыратын, есте қалған мәтіндерден алынған сөздер болады.

– Үшінші кезеңде өзара сөйлеу әрекеттері еркін болған жағдайда, сөйлеуді басқару көбінесе нысанға емес, мазмұнға бағытталады. Бұл кезеңде қарым-қатынас әрқашан белгілі бір қажеттілік болған жағдайда немесе байланыс жасауға ниет білдірген кезде туатынын есте ұстаған жөн. Сондықтан жағдайды немесе бізге қажетті салдарды суреттей отырып, «өйткені», «үшін», «сондықтан» деген сөздермен мотивті енгізуге болады. Мұндай тұжырымдама оқушылардың берілген тапсырманы дұрыс түсінуін жеңілдетеді және оларды дұрыс сөйлеу сегменттерін еске түсіруге шақырады.

Мектепте шетел тілін оқыту кезіндегі фасилитация әдістерінің негізгі сипаты мәселені талдау, іс-әрекетті жоспарлау және шығармашылық тәсілді талап ететін проблемалық тапсырмалармен жұмыс жасау кезінде көрінеді. Кәсіби тұрғыдан «фасилитация» әдісін қолдану топтық жұмыстың тиімділігі мен оқушылардың қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ олардың әлеуетін барынша ашуға әкелуі мүмкін. Фасилитацияның «Әлемдік кафе», «Болашақты іздеу», «Динамикалық фасилитация», «Дамытушы фасилитация», «Ми шабуылы», «Ашық кеңістік технологиясы», «Ментальді карта», «Жағымды (позитивті) өзгеріс саммиті», «Шынайы уақыттағы стратегиялық өзгерістер» және т.б. шетел тілін оқытуға сәйкес келетін кейбір ұсынылған әдістері бар.

«Ашық кеңістік» (Х.Оуэн) – жеке адамдар мен топтардың өз жұмысына тиімдірек болуына, жылдам дамуына, өмірді зерттеуде және проблемаларды шешуде өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін кездесу өткізу технологиясы, және индивидтер мен кездесуге қатысушылардың әлеуетінің ашылуы үшін жағдай жасайды. Қазіргі таңда бұл әдіс ұйымдарда білім алуға көмектесу үшін және өте қарапайым тәсілмен табысқа жету үшін барлық әлемде қолданылады. Әдістің артықшылығы аз уақыт ішінде үлкен көлемде пікір жинау болып табылады [3].

«Болашақты іздеу» (М.Вейсборд және С. Дженофф) технологиясы өзінің қабілетін іс-әрекетке айналдыруға көмектеседі. Бұл технология тұлғаның мәдениетіне, ұлтына, мамандығына, тіліне және тәрбиесіне қарамастан, әркімнің қалауы бойынша қатысатын ерекше пікірталасты білдіреді. Қатысушылар өз идеяларын ұсына отырып, келешектегі ынтымақтастықтың жалпы негізін әзірлейді [4].

«Әлемдік кафе» - қатысушылардың ұжымдық интеллектін талқылау үрдісіне кірістіруге мүмкіндік беретін, еркін және ашық түрде жұмыс бойынша сөйлесу технологиясы. Бұл технологияның құндылығы болашақ жұмыста сынға түсетін және күдік тудыратын, үлкен көлемдегі идеяларды тудыру болып табылады [5].

Шетел тілін оқытуда ең тиімді технологиялардың бірі – «Ментальді карта» (Тони Бьюзон). Бұл берілген тақырып бойынша ақпаратты жинаудың көрнекі тәсілі. Алдымен тақтаның ортасына үлкен әріптермен кілт сөз жазылады, ары қарай оқушылар тақырыпқа байланысты ойларын қысқаша түрде сызба жүргізу арқылы түрлі түсті маркерлермен жазады. Балалар картаны неғұрлым тез жасаса, соғұрлым ақпаратты есте сақтауға оңайырақ болады. Үрдістің аяғында, оқушылар тақтадан веб немесе түбірлік жүйе сияқты суретті көре алады. Сабақ барысында түс үлгілерін қолдану оқушылардың ақпаратты әлдеқайда тез, әрі тиімді қабылдануына септігін тигізеді. Ағылшын тілінде жаңа лексикалық немесе грамматикалық материалдарды, мәтінді оқып түсіну кезінде, ауызша және жазбаша сөздерді жазу үшін қолданылады. Бұл - ойлау және альтернативті жазбаларды визуализациялаудың ыңғайлы және тиімді әдісі [6].

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған технологиялар коммуникативті дағдыларды және қызметтің барлық түрлерін дамыту үшін шетел тіліндегі сабақтарда барлық сөз әрекеттерінде (reading, writing, listening and speaking) қолдануға болады. Жұмыстың барлық кезеңдерінде мұғалім фасилитатор ретінде ашық сұрақтар қояды, яғни *when, why, what, who, how* т.б. және *иә/жоқ* деп жауап беруге болмайтын сұрақтар. Мұндай сұрақтар пікір білдіруді, яғни қатысушының өздігінен ашылуын көздейді. Сонымен қатар, фасилитатор қатысушыларға қолдау көрсетіп, ашылуға және үнемі өз ойын қысылмай айтуға шақырады. Бұл жағдайда, мұғалімнің фасилитатор ретіндегі негізгі міндеттері:

- 1) нақты міндет қою;
- 2) уақыт орнату;
- 3) пікірталасты дұрыс бағыттау;
- 4) жұмысқа барлық оқушыларды кірістіру;
- 5) игілік пен жайлылық атмосферасын құру;
- 6) жұмыс динамикасын бақылау.

Фасилитация әдісін талдау негізінде, біз шетел тілі сабағында бұл әдісті қолдану топтағы жұмыс үрдісінің тиімділігін артатынына көз жеткіздік. Оқушылар топта жұмыс істейді, өз пікірлерін білдіреді, идеяларын айтады және өз мүдделерін көрсетеді. Сонымен қатар, фасилитация әдісі топта достық ахуалды сақтауға, оқу үдерісіне қатысу деңгейін жоғарылатуға, жауапкершілікті күшейтуге және бастаманы ынталандыруға, пікір алмасуды қамтамасыз етуге және дамуға ықпал етеді. Бұл үрдісте мұғалім бағыт-бағдар беруші рөлін атқарады. Мектепте шетел тілін оқытуда фасилитацияны қолдану берілген мәселені талқылау барысында уақытты нақты және пайдалы анықтауға, жоспарға сәйкес әрекет етуге, нақты тақырыпқа және мәселеге назар аударуға, сапалы және жаңа шешімдерді қабылдауға, барлық қатысушыларды жұмысқа кірістіруге, әр қатысушының тәжірибесін және идеясын қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, фасилитация әдісі шетел тілін оқыту кезінде ауызша қызметтің барлық түрлерін қамтиды, сөйлеу (сұрақ-жауап), тыңдау (басқалардың пікірін тыңдау), жазба (өздеріне тиімді нұсқаны жазу), оқу (жаңа ақпаратпен және дереккөздермен танысу). Фасилитация әдісін оқушылардың білім деңгейіне қарамастан шетел тілін оқытуда барлық деңгейде қолдануға болады (бастапқы, орташа, жоғары). Осылайша, фасилитация әдісі оқушылардың қызығушылығына байланысты қойылған мақсаттарды анықтауға және оларға жетуге бағытталады. Ал мұғалім оқу үрдісін қиындатушы емес, керісінше шетел тілін меңгеруді жеңілдететін, әрі қызықты ұйымдастыратын фасилитаторға айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Роджерс К. Вопросы, которые я бы себе задал, если бы был учителем //Семья и школа. 1987. – №11.
2. Самарова О.В. Фасилитация. Легко учиться, легко говорить // Иностранные языки: интернет-издание для учителя.2014. № 12 (лето) [Электронный ресурс] URL:<http://www.iyazyki.ru>>2013/01/facilitation-easy (10 июня 2014).
3. Owen H. Open space technology: A user's guide. – Berrett-Koehler Publishers, 2008.
4. Weisbord M., Janoff S. Future search //Handbook of Improving Performance in the

Workplace, Volume Two: Selecting and Implementing Performance Interventions. – 2010. – С. 91-114.

5. Brown J., Isaacs D. World Café Community //The World Café – Shaping Our Futures Through Conversations That Matter. – 2005.

6. БьюзенТ.и Б. Супермышление/Перевод с англ. Е. А. Самсонов. Худ.обл. М. В. Драко.- 2-е изд.-Мн.:ООО «Попурри», 2003. – 304 с. С. 54.

.147:811.111

ШЕТЕЛ ТІЛДІҢ ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аманова Нәслизат Маратқызы

amanova.nas@yandex.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Е. Дарменова

Қазіргі қоғамның дамуы ақпараттандыру дәуірінде көрнекті орын алады, адамдардың қызметтерінің көптеген бағыттарында, оның ішінде білім беру саласындағы ақпараттық технология құралдарын қолдану арқылы сипатталады. Дәстүрлі білім беру құралдарының заманауи ақпараттық және компьютерлік технологиялармен (АКТ) білім беруді жаңғырту мәселесін шешуге мүмкіндік беретін тәсілдерінің бірі болып табылады. АКТ құралдары жеке тұлғаның қасиеттерін дамытуға, мектеп білімінің өзгеруіне және дараландыруына ықпал етеді. Заманауи АКТ-лар зерттелетін тақырыпта студенттердің белсенділігін, шығармашылық шеберлігін қамтамасыз етеді, ал мәліметті жаңа жоғары сапалы деңгейде ұсынуға мүмкіндік береді. Оларды қолдану оқу үдерісін ұйымдастыруда түбегейлі жаңа мүмкіндіктер береді.

Шет тілі – бұл оқу пәні, яғни табиғи тілдің жетіспеуі себебінен оқушылар үшін жасанды тілдік ортаны құру, әртүрлі техникалық құралдарды барынша икемді және кең пайдалануды көздейтін пән. Сондықтан, шет тілін оқытуда мультимедиялық құралдармен ашылған жаңа мүмкіндіктерді әртүрлі қолдануы таңқаларлық емес.

Қазіргі заманғы орта мектепте шет тілдерін оқыту процесінде дәстүрлі түрде жарықтандыру техникасын және дыбыс техникалық құралдарды қолданады. Бірақ қазіргі уақытта мектепке жаңа ақпараттық технологиялар: компьютер, мультимедиялық оқу құралы, ғаламтор, электрондық білім беру ресурстар келді. Осы жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану мынадай негізгі ұстанымдарға бөлуге мүмкіндік береді:

- Шет тілдерін оқытуда мультимедиялық технологияларды қолдануда оқытудың тиімділігін едәуір жақсартуға бағытталған, оның негізгі мақсаты күнделікті және кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру болып табылады (тікелей ана тілін де, ғаламтор арқылы да, медиа құралдарымен және т.б.);
- Жаңа ақпараттық технологиялардың құралдары студенттердің оқыту және тәрбиелеу құралы ретінде, олардың коммуникативтік, танымдық, шығармашылық қабілеттерін және ақпараттық мәдениетін дамыту;
- Мультимедиялық оқу құралдарын пайдалану, табиғи тіл ортасы болмаған жағдайда, шет тілдерінде сөйлесуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасауға мүмкіндік береді. [1]

Шет тілдерін оқытудың заманауи әдіснамасында мультимедиялық технологияларды пайдалану маңызды рөл атқарады. Яғни мультимедиа дегеніміз не?

Мультимедиа – дыбыс, анимациялық компьютерлік графика, бейне кадрлар, статистикалық суреттер мен мәтіндермен бір уақытта жұмыс істеуді қамтамасыз ететін интерактивті жүйелер. Бұл термин бірнеше ақпаратты арналар арқылы пайдаланушыға бір уақытта әсер етеді. Бұл жағдайда, әдетте, пайдаланушы белсенді рөл атқарады. Басқаша